

**Қазақстан Республикасының "Органикалық өнімді өндіру мен оның айналымы туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндіру және оның айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 18 шілдедегі № 100-ө  
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған қабылдануы Қазақстан Республикасының "Органикалық өнімді өндіру мен оның айналымы туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндіру және оның айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңдарымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық актілерді қабылдасын;

3) ай сайын, 30-ы күнінен кешіктірмей, тізбеге сәйкес құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау туралы ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі көрсетілген заңдарды іске асыру бойынша ақпаратты талдап, қорытындыласын және айдың 5-і күнінен кешіктірмей жиынтық ақпаратты жалпыға қолжетімді мемлекеттік ақпараттандыру объектісінде орналастырып тұрсын.

*Премьер-Министр*

*О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2024 жылғы 18 шілдедегі  
№ 100-ө өкімімен  
бекітілген

**Қабылдануы "Органикалық өнім өндірісі және айналымы туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндірісі және айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңдарымен негізделген құқықтық актілердің тізбесі**

Р/с №	Құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындау-ға жауапты	Орындау мерзімі	Құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі мен
----------	---------------------------	----------------	-----------------------	--------------------	---

			мемлекеттік органдар		енгізілуіне жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6
1.	"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	АШМ	2024 жылғы тамыз	Е.Қ. Тасжүреков
2.	"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына өзгеріс енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ДСМ	2024 жылғы тамыз	А.С. Есмағамбетова
3.	Органикалық өнім өндірісі және айналымы қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	АШМ, ДСМ	2024 жылғы тамыз	Е.Қ. Тасжүреков, А.С. Есмағамбетова
4.	Органикалық өнім өндірісі кезінде қолданылатын рұқсат етілген құралдар тізімін бекіту туралы	бұйрық	АШМ, ДСМ	2024 жылғы тамыз	Е.Қ. Тасжүреков, А.С. Есмағамбетова

5.	Органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау кезінде келтірілген шығыстардың бір бөлігін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	АШМ	2024 жылғы тамыз	Е.Қ. Тасжүреков
6.	"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 ақпандағы № 39/НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	бұйрық	ЦДИАӨМ, АШМ	2024 жылғы тамыз	Р.А. Коняшкин, Е.Қ. Тасжүреков

7.

"Органикалық өнім өндіру саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары н және тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05/1139 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 818 бірлескен бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

бірлескен бұйрық

АШМ, ҰЭМ

2024 жылғы тамыз

					, Б.Ә. Құдайбергенов
8.	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы	бұйрық	АШМ	2024 жылғы тамыз	Е.Қ. Тасжүреков

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

АШМ	–	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;
ДСМ	–	Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі;
ҰЭМ	–	Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі;
ЦДИАӨМ	–	Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК